

А.А. Лиясова

## ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ ЖҰПТАРДЫҢ ҚАТЫНАСЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

Қазіргі таңда отбасын тұрақтандырудың маңызды құралы болып ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасын жақсарту, некемен қанағаттану деңгейін көтеру болып табылады.

Жұбайлардың өзара қабалдауының өзгеруі неке өткелінің өсуімен байланысты болады. Ерлі-зайыптылардың қатынасының сипаты олардың отбасылық құндылықтарымен рөлдік көзқарастарының, яғни кім белгілі бір отбасылық сфераны жүзеге асыруының сәйкес келу деңгейіне тәуелді. Отбасылық функциялар тұлғаның санасына ене отырып, отбасылық құндылықтардың бағдары ретінде көрінеді. Құндылықтар иерархиялық шкаланы қалыптастырады. Ерлі-зайыптылар отбасылық құндылықтар шкаласына сәйкес белгілі бір отбасылық функцияны бірінші орынға шығарады. Отбасылық құндылықтардың әртүрлі болуы, ерлі-зайыптылардың рөлдік сәйкес келмеуінің бір себебі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың отбасылық құндылықтарының сәйкес келмеуінің себебі – бұл олардың отбасындағы тәрбие ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

Отбасылық құндылықтардың сәйкестігі ерлі-зайыптылардың рөлдік мінез-құлығының әр түрлі болуына кепілдік бермейді. Ерлі-зайыптылардың рөлдік мінез-құлығының адекваттылығы рөлдік күтімдердің (күйеуімен әйелінің отбасындағы белгілі бір функцияны белсенді түрде орындауға деген бағдары) рөлдік талаптануға (ерлі-зайыптылардың отбасылық рөлді орындауға деген дайындық) сәйкес келу деңгейіне байланысты [1].

Н.Н. Обозова, А.Н. Абакумова, Т.М. Трапезников ері мен зайыбының реалды және қабылданатын сәйкестіктері жеке мінездеме бойынша олардың сәйкестігін анықтайтын маңызды фактор екенін айтқан. Ерлі-зайыптылардың өзара бағалауының адекватты болмауы отбасылық қайшылықтарының себептерінің бірі болады.

А.Г. Шмелев әйелдер үшін эмоционалды көрінулердің маңыздылығын, ал ерлер үшін рационалды көрінулердің маңыздылығы жоғары екенін айтқан. Мысалы, шиеленісті жағдайларда әйелдер өздерін эмоционалды жағынан жоғары бағалайды (бәрін ашық айту, нәзіктік, қобалжу), ал ерлер рационалды жағынан (саналылық, өзіне сынмен қарау), яғни олар бір жағдайда әртүрлі психологиялық кеңістікте болады [2].

Некемен қанағаттану деңгейі өзгерген сайын ерлі-зайыптылар жанұядағы тұлғааралық қарым-қатынастың өзгергені туралы айтады. Үйде балалардың болуы ерлі-зайыптылар арасында өзара әрекеттің сапалығына әсер етеді, ол балалармен

байланысты міндеттер әсерінен қиындай түседі. В.С. Миллер, Е.М. Дувал бойынша некемен қанағаттануға бала емес, ал сол баланың қай даму кезеңінде болуы әсер етеді. Егер кішкентай сәби болса ол отбасын біріктіреді, екі ата-ана да оны белсенді түрде қараулары керек.

В. Сатир бойынша адам некеге отыру арқылы өз өмірін жаңа мағынамен толықтырғысы келеді. Тек өте ерекше адам ерекше себептер арқылы саналы түрде неке оның өмірін одан әрі жаман қылатының біле тұра некеге отырады. Адамдар тұрмыс құрғаннан кейін олардың өмірі жақсы және қызықты болатынына үміттенеді. Үміттері үзілгеннен кейін некеге шынайы қауіп туады, бірақ көп адамдар өздері махаббатпен некелескенін айтады.

Отбасын әлеуметтік институт ретінде қарауда жұбайлардың сәйкестігіне көңіл бөлу керек. Некедегі сәйкестік факторы үшін бірлескен іс-әрекеттен қылыптасқан қатынастың тұлғааралық қанағаттануы маңызды. Ерлі-зайыптылардың сәйкестігін зерттеуде ері мен зайыбының көп аспекті өзара байланыстың жиынтығын талдау керек, онда ерлі-зайыптылардың сәйкестік критерийлері көп болады, өйткені біреуі екіншісінің алдында өз тұлғасының көп қырларын ашады. Бұл сәйкестік физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік болады.

*Сәйкестіктің индивидуалды психологиялық сипаттамалар ішінде келесі деңгейлерін бөледі [3]:*

1. Әлеуметтік (әлеуметтік-экономикалық статус, мамандығы, білімі).
2. Әлеуметтік-психологиялық (құндылықты бағдарлары, мақсаттары мен позицияларының ұқсастығы, тұлғааралық статус).
3. Психологиялық (мінез, интеллект және тұлғаның басқа да қасиеттері).
4. Психофизиологиялық (темперамент, эмоционалдылық, ағза реактивтілігі).

Отбасылық қатынас психологиясының негізгі проблемаларының бірі некенің сәйкестігін және оған әсер ететін факторларды анықтау. Бұл параметрлерді ескермей отбасы психологиясындағы маңызды зерттеулерді жүргізу мүмкін емес. Бұл зерттеулерді жүргізбей ерлі-зайыптылардың өз некелерін қалай бағалайтынын анықтау және отбасылық кеңес беруде ерлі-зайыпты қатынасты тиімді диагностикалау мүмкін емес. Некенің сәттілігін анықтайтын көптеген ыңғайлар бар. Олар шартты түрде екі негізгі – әлеуметтік психологиялық және психологиялық деп бөлуге

болады. Элеуметтік психологиялық ыңғай бойынша ерлі-зайыптылар қатынасының сәттілігінің көрсеткіші болып некенің сақталу фактісі, яғни ажырасудың болмауы болады. Бұл мінездеме некенің тұрақтылығы деп аталып, демографиялық, элеуметтік, заңдық зерттеулерде кеңінен қолданылады. Ғылыми кітаптарда оның аналогиялары, мысалы отбасы интактілігі қолданылады. Бұл мінездеменің көптеген ыңғайлы жағы бар, мұнда өлшеу проблемалары болмайды, тек ерлі-зайыптылардың ажырасқан немесе ажыраспағандығын білсе жеткілікті.

Психологиялық көзқарас бойынша ерлі-зайыптылар некеде қаншалықты бақытты, өзара қатынасын қалай бағалайтыны туралы некенің сақталуы ешнәрсе айтпайды. Психологиялық ыңғай бойынша адамның некеге қатынасын анықтау маңызды болады.

Қазіргі отбасы психологиясын зерттеулер негізінде бақытты және бақытсыз некелерді дифференциациялайтын көптеген мінездеmeler бөлінген. Жүйеленген түрде олар неке сапалығы моделінде американдық зерттеушілер Р.А. Левис және Дж.Б. Спаниермен көрсетілген. Сәтті және сәтсіз некелерді бөлу үшін бұл авторлар 200 жұмыс негізінде некенің жоғары сапалығымен байланысты 47 мінездемені бөлді. Оларды үш топқа: некеге дейінгі, элеуметтік-экономикалық, ерлі-зайыпты аралық факторлар деп бөлді. Некенің сапалығы моделі авторлары өздері бөлген параметрлер ерлі-зайыптылардың тұлғааралық қатынастағы сәйкестік және келісім деңгейін мінездейтінін айтқан. Келісім принципі ерлі-зайыптылардың тұлғааралық қатынасының сапалығын зерттеудің құралдарының негізіне жатқызылған. Олар ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас сәттілігіне әсер ететін сегіз параметрді бөлген [4]:

1. Қарым-қатынас барысында ерлі-зайыптылардың өзіндік ашылуы жақсы болған сайын ерлі-зайыпты қатынас жақсы дамиды. Бұл ері мен зайыбы сәтті тұлғааралық қарым-қатынас процесінде бір-біріне барлық ойларын, сезімдерін ашық айтып, оны сынауынан қорықпау керек.

2. Қарым-қатынас процесі барысында ортақ күтілімдер мен ұстанымдардың көрінуі мүмкін. Қарым-қатынас арқылы ерлі-зайыптылар қоршаған орта және адамдар туралы көзқарастарының ұқсастығын сезінулері керек.

3. Жұбайлар арасындағы вербалды емес коммуникация нақты болған сайын тұлғааралық қатынас сәтті болады, яғни некедегі бақытты ерлі-зайыптылар бір-бірінің айтқандарын дұрыс түсініп қана қоймай, позаларын, жестарын, бет қимылдарын, көзқарастарын сөзсіз түсініп отырады.

4. Жұбайлардың тұлғааралық қатынасының сәттілігінің маңызды факторы болып ортақ символдардың болуы табылады. Олар әртүрлі

формада ешкімге түсініксіз тілдің болуы, бір-бірін жағымды атпен атау, жанұялық дәстүрлері және салттары.

5. Тұлғааралық қарым-қатынас сәтті болған сайын, тұлғааралық қатынас жалпы жақсы дамиды. Бұл бақытты жұптар бір-бірімен жиі қарым-қатынасқа түсетіндігін көрсетеді.

6. Сәтті некелерде тұлғааралық қарым-қатынас арқылы ерлі-зайыптылар ерлі-зайыпты рөлдерді қабылдаудағы өздерінің ұқсастығын, сондай-ақ отбасындағы алатын позицияларын дәлелдейді.

7. Ерлі-зайыптылар қатынасының тағы да бір мінездемесі ерлі-зайыптылар арасында терең өзара түсінушіліктің болуы. Бұл жұптар бір-бірінің көзқарастары мен мінез-құлықтарын сынамай қабылдауын көрсетеді.

8. Ерлі-зайыптылардың тұлғааралық қатынасы өзара эмпатияны көрсеткен жағдайда сәтті болады.

Жұбайлардың әрқайсысы ері мен зайыбында қандай міндеттер мен құқықтар бары туралы өз ойлары болады. Жұбайлардың бір-бірімен келісуі мен кооперациясы олардың арасындағы келісімге байланысты, ол әртүрлі өмірлік жағдайларды бірдей бағалау, ортақ қызығушылықтарын, бастан кешірулерін түсінуді есепке алуға негізделген. Неке тұрақтылығының бір факторы болып жанұядағы еңбекті келісіммен бөлу табылады. Отбасы өмірінің әр кезеңінде үй еңбегінің көлемі өзгеріп тұрады. Еңбекті бөлісуде қайшылықтар болуы мүмкін, ол ерлі-зайыптылар өмірінің сәттілігін бұзады.

Некемен қанағаттану ерлі-зайыптылардың әртүрлі өмірлік жағдайларда өздерін қалай ұстауына байланысты. А.С. Шилова ерлі-зайыптылардың өз бос уақыттарын өткізуі мен некемен қанағаттанудың өзара байланысын көрсеткен. Жанұя ішіндегі жақсы қатынастың маңызды көрсеткіші болып ерлі-зайыптылардың ортақ достары болуы табылады, көп жағдайда ерлі-зайыптылардың некемен қанағаттанбауы достарының бөлек болуында көрінеді. Тұрақты отбасында ерлі-зайыптылар көп жағдайда өздерінің бір-біріне қатынасын махаббат деп, ал тұрақсыз отбасыларда әдет немесе немқұрайлық деп көрсетеді.

Жас жұбайлардың өмірінің сәттілігін анықтайтын негізгі және маңызды факторлардың бірі ерлі-зайыптылардың өздерінің неке институтын түсінуі жатады. Бақытты неке шарттарының біріне отбасылық өмірге дайындықты және ата-аналарымен жақсы қатынасты ұстап тұруды да жатқызуға болады. Ата-аналары некеде бақытты болған адамдардың некелері де бақытты болу мүмкіндігі жоғары. Сонымен қатар некеге отыру жасы да үлкен әсер етеді. Жиырма бір жасқа дейінгі некелер көп жағдайда ажырасумен аяқталады [5].

Сәтті некенің маңызды факторларының бірі – өмірлік жолдасын дұрыс таңдау болып табылады. Бірдей көзқарастары мен ұстанымдары, құндылықтары бірдей адамдар арасында шиеленістер аз болады. Эмоционалды тұрақтылық және жоғары өзіндік бағалау сәтті жанұялық байланыстың алғышарты болады. Өзіндік бағалауы төмен адамдар, олардың «мен» концепциясын қолдайтын адамды іздейді. Неке ерлі-зайыптылардың шыдамдылығын және өзара түсінушілігін талап етеді, тек осы жағдайды сәтті болуы мүмкін. Өмірінің алғашқы жылдары ерлі-зайыптылар бір-біріне және өзінің жаңа өмірлік статусына бейімделеді. Ерлі-зайыптылардың біреуі бұрынғы әдеттеріне оралуы мүмкін, бұл екінші жұпқа әсер етуі мүмкін. Некеге отырған кезде жарының сезімдерін есепке алу керек. Неке үшін тиімді коммуникация дағдысы өте маңызды. Некеге отырғаннан кейін ерлі-зайыптылардың көбісі өз жұптарын қайта тәрбиелей аламыз деп ойлайды. Ерлі-зайыптыларды өз жарларының әдеттері немесе көзқарастары кері әсер етуі мүмкін. Некедегі келісімге келу егер, ерлі-зайыптылар бір-біріне өз сезімдерін ашық айтып, өзара түсінушілікпен қараған жағдайда ғана болады. Жақсы ерлі-зайыптылар өз жұптарын тыңдап және оның ұсыныстары арқылы өз мінез-құлқын өзгерте алатындар бола алады. Көптеген сексуалды проблемалар ерлі-зайыптылардың жаман коммуникациясымен байланысты болады.

Әрбір адамның тонусының басылуы, депрессия, жоғары тітіркенгіш, өз-өзімен қанағаттанбауы кезеңдері болады. Осындай эмоционалды күй некелік жұбымен және жалпы некелік өмірмен қанағаттануын төмендетеді. Некелік өмірмен қанағаттанбаудың одан да қиын жағы өз-өзімен толық қанағаттанбау. Бұл қанағаттанбау күйеуіне немесе зайыбына, балаларына ауысуы мүмкін. Әрбір адам өмірде белгілі бір мақсаттарға жетуге ұмтылады. Жетістіктері көп жағдайда қарапайым болып, үлкен жетістікке жету мүмкін болмай қалады. Бұл жағдайда адамдардың көңілі қалып, кейде ашуланады. Некемен қанағаттанбау адамның әлеуметтік-экономикалық орнымен, кәсіби іс-әрекетімен, еңбек жағдайларымен және өмір деңгейімен қанағаттанбаудан болуы мүмкін.

Сонымен, қорыта келгенде отбасылық қатынас психологиясының негізгі мәселелерінің бірі неке сәттілігін және оған әсер ететін факторларды анықтау болып табылады. Қазіргі таңда отбасын

тұрақтандырудың маңызды құралы болып ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасын жақсарту, некемен қанағаттану деңгейін көтеру болып табылады. Некенің сәттілігін анықтайтын көптеген ыңғайлар бар, оларды шартты түрде әлеуметтік және психологиялық деп бөлеміз. *Некемен қанағаттану немесе неке тұрақтылығы келесі ерекшеліктермен байланысты:*

1. Отбасындағы функциялар мен рөлдерді бөлу.
2. Отбасындағы қарым-қатынас.
3. Әртүрлі өмірлік жағдайлардағы ерлі-зайыптылардың мінез-құлқы.
4. Шынайы және қабылданатын сәйкестіктер.
5. Қажеттіліктерінің қанағаттануы.
6. Өзімен қанағаттану.
7. Бірге өмір сүру мезгіліне.

Неке өткелі әртүрлі отбасы ішіндегі және отбасыдан тыс процестерге үлкен әсер етеді. Ерлі-зайыптылардың өзара қатынасы бірлескен өмір барысында өзгеріп қана қоймай, бұл өзгерістер заңды мінезге ие болады. Бірлескен өмір барысында ерлі-зайыптылардың өзара қатынасында болатын өзгерістер олардың отбасы дамуының қай деңгейінде болуымен анықталады. Соған байланысты некемен қанағаттану деңгейі де өзгереді.

- 
1. Алешина Ю.Е. Удовлетворенность браком и межличностное восприятие в супружеских парах с различным стажем семейной жизни: дис. ... канд. психол. н. – М.: Просвещение, 1985. – 250 с.
  2. Лидерс А.Г. Семья как психологическая система. Очерки психологии семьи. – Москва-Обнинск: «ИГ-СОЦИН», 2004. – 296 с.
  3. Гозман Л.Я., Алешина Ю.Е. Общение и развитие взаимоотношений в супружеской паре. // Общение и оптимизация совместной деятельности, №3. 1987. – С. 140 – 152.
  4. Харчев А.Г., Мацковский М.С. Современная семья и ее проблемы. – М.: Статистика, 1978. – 224с.
  5. Обозов Н.Н. Психология межличностных отношений. – Киев: Лыбидь, 1990. 191с.

\*\*\*

В статье представлен теоретический обзор авторов о психологических особенностях супружеских отношений. Рассмотрены особенности стабильного брака и факторы удовлетворенности браком.

\*\*\*

Theoretical review of psychological peculiarities of family relationships is presented. Characteristics of marriage stability and marriage satisfaction are considered.